

Назрела необходимость рассмотрения физкультурного образования, а тем более высшего, как процесс социализации личности, что подразумевает включение личности в общественную жизнь, усвоение опыта, норм социальных отношений, а также усвоение большого объема специализированных знаний, направленных на социально-педагогическую деятельность.

Социально-педагогический аспект высшего физкультурного образования является одним из определяющих в формировании личности и педагога.

У педагогики физкультурного образования свои особые подходы как к содержанию, так и к процессу изучения всех аспектов и взаимосвязей педагогического процесса и социально-культурной деятельности студентов.

Одними из особенностей педагогического процесса являются информационный, ценностный и коммуникационный аспекты. Эти аспекты отражают как раз особенности высшего физкультурного образования в плане социализации личности.

Студенты-спортсмены участвуют в многочисленных официальных и товарищеских соревнованиях. Это значительно расширяет приток дополнительной информации не только специализированного значения, но и сопутствующего. В процессе социального общения и коммуникативных контактов происходит формирование ценностной структуры личности под воздействием тренера-педагога.

Необходимо подчеркнуть, что указанные аспекты образовательного процесса реализуются в полной мере именно на товарищеских соревнованиях и турнирах, поскольку на них не доминирует спортивный результат и исключено проявление спортивной злобы и неотвращенной агрессии, что часто наблюдается в официальных соревнованиях и особенно в контактных видах спорта.

Студенты факультета физической культуры, спорта и туризма Костанайского государственного педагогического института, пользуясь преимуществом географического расположения с граничащей Россией, довольно часто участвует в различных спортивных мероприятиях (предсезонные турниры, товарищеские игры, показательные соревнования и т.д.). На сегодня можно констатировать традиционность указанных мероприятий, создание тесных дружественных связей и взаимоотношений не только в педагогической деятельности, но и в социально-культурном развитии будущих специалистов в области физической культуры и спорта.

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ТӘРБИЕ ҮРДІСІН БАСҚАРУ**

*Сабырова З.Қ.,*

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікке өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбиемен жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығар қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы -қарыз бен өскелең ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз.

Ал, ұлттық тәрбиенің көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы

басқа сапалық ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болып табылады. Одан басқа жаһандану жағдайындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, толеранттық-төзімділік қасиеттер де ұлттық тәрбие дәрістерінде көрініс табуы тиіс деп ойлаймыз.

Қысқаша айтқанда, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Ұлттық тәрбиенің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы азаматтық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбиенің міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүр мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуальдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, болашақ жастардың сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Қазіргі таңда нарықтық қатынастарға көшу, саясаттағы жариялылық, азаматтық қоғам орнату талаптары тұрғысынан қарап, өзгермелі қоғамда көп мәдениетті, көпұлтты кеңістікке араласуға дайын, кез-келген жағдаятта өз орнын таба білетін, рухани құндылықтары жетілген қабілетті тұлғаның дамуына бағытталған тәрбие мазмұнын қамтамасыз ету өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, ұлттық тәрбиеге бағытталған рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысы – ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды.

Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысына жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, белсенді ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлттық тәрбиені бойына сіңірген ұлтжанды азамат тәрбиелеу тәрбие ісінің маңыздылығын көрсетпек.

Осы ретте республикамыздағы жоғары білімнің қара шаңырағы саналатын Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде жоғары білімді кәсіби маман даярлау ісі ұлттық құндылықтарға, халықтық тәрбие негізінде білім берудің қазіргі заманғы инновациялық технологияларына құрылған күрделі құрылымды оқу-тәрбие ісі арқылы жүзеге асыралтындығын атап айтқымыз келеді.

«Болашақ жастардың қолында», «Сенің құқықтарың мен міндеттерің», «Менің құқығым мен міндетім» және т.б. тақырыптарда студенттерді психолог, заңгер мамандармен кездесу семинарлар, дөңгелек үстелдер, ұйымдастырудың мақсаты студенттерді өзін-өзі басқаруға, азаматтық жауапкершілікке үйрету, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытуға арналған іс-шаралар болып табылады.

Студенттердің өзін-өзі басқаруы студенттердің бойында адамгершілік қасиеттерін дамытуға, студенттік қоғамдық бірлестіктердің рөлін күшейтуге, экстремизмнің пайда болуына төзбеуге, бір-біріне талап қоя білуге, әлеуметтік шындық сезіміне, жайлы адамгершілікті-психологиялық жағдай қалыптастыруға, жас студенттік отбасының адамгершілік негіздерін нығайтуға, адамгершілік принциптерінің кең түрде жария болуына, тұрмыста қоғамға қарсы келеңсіз жағдайларға төзбеуге бағытталады.

Университеттің тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшелігі студенттердің көшбасшылық, өзін-өзі бағалау сияқты жеке қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасау.

Адамгершілікке, жоғары мәдени тәртіп пен қарым-қатынасқа бағдарлау, сонымен бірге еркін таңдау қағидасын жүзеге асыру университеттің тәрбие жұмысының маңызды факторлары мен шарттары болып табылады. Жеке тұлғаны қалыптастыруға қолайлы ортаны құру өзін-өзі басқару ұйымын құру қажеттілігін анықтап берді.

Университетте педагогикалық, инновациялық, сөз өнері шеберліктерін дамыту негізінде «Хабар» агенттігінің ұйымдастыруымен өтетін «Азамат» пікірсайыс клубы, «31 телеарна-ның» ұйымдастыруымен өтетін «Білгірлер бәйгесі» атты зияткерлік бағдарламасы, «Қазақстан» телеарнасының ұйымдастыруымен өтетін «Сөз мерген» байқауына студенттерді қатыстыру жүйесі қазіргі уақытта да белсенді жұмыс жасап отыр. Университет студент жастарды тек қана кәсіби мамандықтар алумен ғана қызықтырмайды, сонымен бірге, олар мұнда қайырымдылыққа, мейірбанды болуға, өз қызметі саласында бейімделе білуге, өзінің білімі мен біліктерінің қолданылуына перспективалық бағыттар таба білуге үйренеді. 70 жылдық бай тарихы бар қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған университетте оқу ісі мен тәрбие мәселесі ұлттық мамандарды даярлау ісімен тығыз байланыстырылып келеді. Қазіргі таңда қыздар университеті жаңа заман талаптарына сай жан-жақты кәсіби дайындыққа ие, қоғам сұраныстарына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісімен айналысып келеді.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіндегі тәрбие ісінің саясаты іргелі дайындығымен ерекшелінетін, кең өрісті базалық және кәсіби мәдениетке бағытталған, білім мен ғылымның тұтастығына құрылған жоғары білімді сақтаумен, ұлттық тәрбиеге негізделген, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

Университеттің педагогикалық ұжымы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіру ісіне ғана емес, олардың азаматтық жауапкершілігін, отаншылдық рухын, елдік қасиеті мен ұлттық ұжданның да қатар тәрбиелеуге баса назар аударады. Соған орай оқу орнындағы тәрбие ісінің негізгі мақсаты ел болашағын жасар маманның кәсіби, интеллектуальдық және әлеуметтік, рухани тұрғыдан жетілуіне жағдай жасау болып табылады.

Университетімізде жастарды тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тәрбие жұмыстары студент жастар бойында қазақстандық патриотизм, ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеу, ұлттық рухани құндылықтарды, мәдениет пен тарихты, әдебиет пен тілді, ұлт ғұламаларының өмірі мен шығармашылығын насихаттау, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытып, салауатты өмір салтын қалыптастыру, профессор-оқытушылар құрамының тәрбие ісіндегі рөлі мен жауапкершілігін арттыруға ықпал ету, студенттерге әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету, бір сөзбен айтқанда иманды, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, ұлт болашағына жауапты азаматты тәрбиелеу міндеттерін шешуді көздейді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін университетте қабылданған «Жоғары оқу орындарында студенттерді тәрбиелеудің Тұжырымдамасында» тәрбие істерінің негізгі бағыттары айқын көрсетілген.

Университеттегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру іс-шаралары төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

1. Студенттерге патриоттық тәрбие жөнінде іс-шаралар өткізу.
2. Студенттерді ғылыми жұмыстарға қатысу деңгейін арттыру.
3. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.
4. Студенттердің әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету.
5. Жас таланттарды дамыту және қолдау.
6. Жас мамандарды оқу кезінде тағылымдамадан өткізуді және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.
7. Студенттер арасында азаматтық қатысу мен көшбасшылық қабілет деңгейін арттыру.
8. Студенттер арасында ұлттар бірлігін нығайту жөнінде іс-шаралар өткізу.

«Тәрбие басы – тал бесік» деген сөз тегін айтылмаған. Сөз жоқ болашақ ұрпақтың өнегелі болуы жастайынан берілген тәрбиеге байланысты. Сондықтан да қандай қоғам да болмасын ұстаз бен шәкірт тәрбиесіне ерекше мән беріледі.

«Қазақстан–2050» бағдарламасына арналған «Стратегиясы мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығы», «Жанарудың қазіргі жағдайында жалпықазақстандық патриотизмді қалыптастыру» т.б. жастардың бойында азаматтықты және патриоттықты дамытуға бағытталған стратегиялық жоспарында интеллектуальды ұлт қалыптастыру мәселесі жиі айтылады.

Осыған орай жоғары оқу орындарында жүргізілетін тәрбие ісі бойынша концепцияны жүзеге асыру, студенттер арасында белсенді азаматтық позицияны қалыптастыру және патриоттық тәрбие беру, студенттік ұйымдардың жұмыстарын ұйымдастыру, жастардың арасында ұлтаралық келісімді нығайту жұмысы, студенттердің арасында салауатты өмір салты мен дене шынықтыру мәдениетін насихаттау, мәдени-бұқаралық шараларға қатысу, ағартушылық шараларды өткізу сияқты жұмыстар бойынша іс-шаралар атқарылып келеді.

Қазіргі жастардан жоғары білімді, әрі ынталы, өздігінен шешім қабылдайтын және оған жауап бере алатын, ынтымақтастық пен мәдениет аралық әрекеттерге қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін белсенді азаматтарды қалыптастыруда ЖОО-да атқарылатын жоғарыда аталған шаралардың түп негізі жастарға рухани-адамгершілік пен патриоттық тәрбие беруге келіп тірелуі қажет. Себебі әрбір студент «патриот» сөзінің түпкілікті мәнін толық түсінген жағдайда мемлекеттің дамуына үлес қоса алады. Жоғарыда аталған міндеттерге қоса, студенттер арасында өткізілген іс-шараларды жүзеге асыру барысында «Ақын Сағи Жиенбаевтің 80 жылдығына» орай әдеби кеш, «Ғылымдағы қазақ қыздары» белгілі тілші ғалым, академик Р. Сыздықтың 90 жылдығына орай кездесулер, «Бір ел – бір кітап» акциясы негізінде А. Құнанбаев шығармашылығы бойынша «Абай оқуларын» өткізу, «Өлеңім – өмірім» атты Мұқағали оқуларына арналған әдеби-танымдық кештер мен тәрбие сағаттарын өткізудің маңызы зор.

Университеттің 70-жылдығына орай 70 іс-шара ұйымдастырылып, студенттер арасында «Мәңгілік ел!» атты флеш-моб өткізілді.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «шаңырақ шырақшылары болатын ибалы қыз, ибалы келін тәрбиелеу» жақсы маман дайындаумен қатар жүреді. Университетіміздің басты мақсаты – «мәңгілік ел, мәңгілік тіл» идеясын жүзеге асыра алатын сапалы маман дайындау.

Қазіргі заманда бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін, алдымен өзіміздің ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрді, мәдениетімізді сақтай отырып, келешек ұрпақты сол арқылы рухани адамгершілікке тәрбиелеуіміз керек. Салауатты да саналы ұрпақ қамын ойлар болсақ, сол қоғам иелерін жан-жақты, ақыл парасаты мол, ізетті, кішіпейіл, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу – ұстаздың, әрбір ата-ананың қоғам алдындағы борышы.

Университетіміздің тәрбиес жүйесі тарихи ұрпақтар сабақтастығына, бүкіл адамзаттың басым құндылықтарын құрметтеп бағалай білуге, гуманистікке, қайырымдылыққа, адам өміріндегі салауаттылық өмір салтын насихаттауға негізделінген.

Қорыта келгенде, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын бәсекеге қабілетті, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері қалыптасқан, жоғары кәсіби білімді маман даярлау ісі мен ұлттық тәрбие негізінде ұрпақ тәрбиелейтін қыздардың парасат мектебі.